

**«МГҚК ҚазҚұрылысСервис» Акционерлік  
қоғамының алғашқы облигациялық бағдарлама шеңберіндегі  
облигациялардың бірінші шығарылымының  
ПРОСПЕКТІСІ**

Уәкілетті органның облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі проспектіде сипатталған облигацияларды сатып алуға катысты инвесторларға қандай да болмасын ұсынымдар беруді білдірмейді. Облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжатта қамтылған ақпараттың шынайылығы үшін жауап бермейді. Облигациялар шығарылымының проспектісі Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келетіндігіне ғана қаралды. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектіде қамтылған ақпараттың шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпараттың шынайылығын және Эмитентке және оның облигацияларына катысты инвесторларды жаңылтпайтынын растайды

**Алматы қаласы, 2012 ж.**

**1. Осы облигацияның шығарылымы «МГҚК ҚазҚұрылысСервис» Акционерлік қоғамының алғашқы облигациялық бағдарлама шеңберінде аңдатпаға сәйкес жүзеге асырылады (бұдан былай - Эмитент)**

**2. Облигациялық бағдарлама туралы мағлұмат**

**1) облигация бағдарламасы аңдатпасының мемлекеттік тіркелген күні:**

Көрсетілмейді, өйткені облигация аңдатпасының алғашқы шығарылымы өкілетті органға мемлекеттік тіркеуден өту үшін Эмитенттің облигация аңдатпасының алғашқы шығарылымымен қатар ұсынылады.

**2) Облигация бағдарламасы көлемінің ақшалай көрсетілімі шеңберінде шығарылымы:**

40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге.

**3) Облигация шығарылымының реттік нөмері:**

Аталған облигация шығарылымы Эмитент бағдарламасының алғашқы облигациялық шеңберінде алғашқы болып табылады.

**4) Алдыңғы облигация шығарылымы туралы мағлұмат ( шығарылымның өкілетті органға тіркелген күні, облигация саны, аталған облигациялық бағдарлама шеңберінде әрбір шығарылым бойынша бөлек орналасқан облигация саны және номиналды құны бойынша шығарылым көлемі):**

Аталған облигация шығарылымы Эмитент бағдарламасының алғашқы облигациялық шеңберінде алғашқы болып табылады.

**5) Бұрын шығарылған облигация шеңберінде ұсынылған облигация бағдарламасы иелерінің құқықтары, соның ішінде шектеуді бұзу кезінде жүзеге асырылған (ковенант) және иелерімен бағалы қағаздарды сатып алу-сату келісім шартында қарастырылған, иелердің аталған құқықтарын іске асыру тәртібі көрсетілген құқықтар:**

Аталған облигация шығарылымы Эмитент бағдарламасының алғашқы облигациялық шеңберінде алғашқы болып табылады.

**3. Шығару құрылымы**

**1) Облигация түрі:** қамтамасыз етілуінсіз тәртіптелмеген купонды облигация

**2) Шығарылатын облигация саны және номиналды құндылығы бойынша шығарылатын облигацияның жалпы көлемі:**

шығарылатын облигация саны 15 000 000 (он бес миллион) дана;

Номиналды құндылығы бойынша шығарылатын облигацияның жалпы көлемі:

15 000 000 000 (он бес миллиард) теңге.

**3) Бір облигацияның номиналды құндылығы:** 1 000 (бір мың) теңге.

**4) Облигация бойынша сыйақы:**

▪ **Облигация бойынша сыйақы мөлшерлемесі:**

Облигация бойынша сыйақы мөлшерлемесі облигация айналымының бүкіл мерзім ішінде тиянақты болып және облигацияның номиналды құндылығынан жылдық 8 (сегіз) пайызды құрайды

▪ **Сыйақы төлемінің басталу күні:**

Облигация бойынша сыйақыны төлеу облигация айналымға түскен күннен басталады. Сыйақыны төлеу облигация айналымының барлық кезеңінде жүзеге асырылып және облигацияны төлеу күнінен бұрын аяқталады.

▪ ***Сыйақыны төлеу мерзімдері мен күндері:***

Облигация бойынша сыйақыны төлеу жылына екі рет облигация айналымға түскен күннен бастап әрбір алты ай сайын облигация айналымының барлық мерзімі ішінде жүргізіледі. Кезеңнің соңғы күні басталған мерзімі жағдайы бойынша сыйақыны төлеуге алу құқығы бар тұлғаларға төленеді.

▪ ***Сыйақыны төлеу тәртібі мен жағдайлары (егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда сыйақы валютасы мен айырбастау курсы көрсетіледі)***

Сыйақыны төлеу иесінің реестрі бекітілген күннен кейін келесі 10 (он) жұмыс күні ішінде иесінің ағымдағы шотына теңгемен ақша аудару жолымен жүргізіледі. Облигация иесінің реестрі купонды кезеңге сәйкес соңғы күннің басталуына дейін бекітіледі.

Сыйақыны төлеу күніне төлемдер номиналды құндылығы мен купонды сыйақының жартыжылдық мөлшерлемесі ретінде есептелінеді. Үтірден кейінгі белгі саны мен дөңгелектеу әдісі «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ішкі құжаттарына сәйкес анықталады. Соңғы сыйақы төлемі облигация бойынша берешектің негізгі соммасымен қатар жүргізіледі.

Барлық төлемдер (сыйақыны және берешектің негізгі соммасын төлеу) Эмитентпен ақшасыз тәртіпте Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында (теңге) жүзеге асырылады.

Егер инвестор Қазақстан Республикасының резиденті болмаған жағдайда облигация бойынша сыйақы төлемі теңгемен, инвестордың Қазақстан Республикасы территориясында банктің шоты болған жағдайда жүзеге асырылады.

Теңгенің төлем кезіндегі басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) ауыстырылуына Эмитент Қазақстан Республикасының, Қазақстанның резиденті болмаған салымшыдан тиісті жазбаша сұраныс алғанан кейін тиісті төлемге 5 (бес) жұмыс күні қалған уақытта рұқсат етіледі. Жоғарыда аталған ауыстыру Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төлем күніне белгілеген бағам бойынша іске асырылады. Теңгенің басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) ауыстырылуы Қазақстанның резиденті болмаған салымшының есебінен жүргізіледі. Теңгенің төлем кезіндегі басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Евро) Қазақстан Республикасының резиденті салымшының пайдасына ауыстырылуына рұқсат етілмейді.

▪ ***Сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:***

Облигация бойынша сыйақыны төлеу айналымның барлық мерзімі ішінде уақыттық базаны есептеуден жылына 360 (үш жүз алпыс) күн және айына 30 (отыз) күн ішінде жүзеге асырылады.

▪ ***Индекстелген облигацияны шығару кезінде есептеу тәртібі:***

Индекстелген облигацияны шығару кезінде есептеу тәртібі қарастырылмаған, себебі облигация индекстелмеген болып табылады.

▪ ***Егер сыйақы мөлшері бекітілмеген болса, оны анықтау тәртібі көрсетіледі:***

▪ ***Облигациялардың сыйақы мөлшерлемесі:***

Сыйақы мөлшері облигация айналымының барлық мерзімінде белгіленген болып табылады.

**Айналым бойынша мағлұмат және облигацияны өтеу:**

▪ ***Облигация айналымының басталу күні:***

Облигация айналымының басталу күні болып облигацияның «Қазақстандық қор биржасы» АҚ бағалы қағаздар ресми тізіміне қосылған күні болып есептелінеді.

▪ **Облигацияның айналу мерзімі:**

Облигация айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл.

▪ **Облигацияны өтеу жағдайы:**

Облигациялар номиналды құндылығы бойынша теңгемен кезеңгің аяқталу күнінің келесі күнінен, 10 (он) күтізбелік күн ішінде соңғы купонды сыйақымен қатар облигация иесінің ағымдағы шотына ақша аудару арқылы кезеңнің соңғы күні басталғанға дейінгі жағдай бойынша иегер реестрінде тіркеу бойынша өтелінеді (құнды қағаз иесінің реестр жүйесіне енгізізуші тіркеушінің орналасу уақыты бойынша).

Егер облигация инвесторы Қазақстан Республикасының резиденті болмаса, облигация бойынша төлемдер теңгемен төленеді, егер де облигациялар инвесторның Қазақстан Республикасы аймағында теңге шоты болса. Теңгенің төлем кезіндегі басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) ауыстырылуына Эмитент Қазақстан Республикасының, Қазақстанның резиденті болмаған салымшыдан тиісті жазбаша сұраныс алғанан кейін тиісті төлемге 5 (бес) жұмыс күні қалған уақытта рұқсат етіледі. Жоғарыда аталған ауыстыру Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі төлем күніне белгілеген бағам бойынша іске асырылады. Теңгенің басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) ауыстырылуы Қазақстанның резиденті болмаған салымшының есебінен жүргізіледі.

Теңгенің төлем кезіндегі басқа валютаға (тек қана АҚШ доллары немесе Еуро) Қазақстан Республикасының резиденті салымшының пайдасына ауыстырылуына рұқсат етілмейді.

▪ **Облигацияны өтеу күні:**

Облигацияны өтеу облигация айналымы басталған күннен бастап 3 (үш) жыл өткеннен кейін жүзеге асырылады.

▪ **Облигацияны өтеу орны қай жерде жүргізіледі:**

«МГҚК ҚазҚұрылысСервис» АҚ Қазақстан Республикасы, 050040, Алматы қаласы, Тимирязева көшесі, 28В, «Алатау Гранд» бизнес орталығы.

▪ **Облигацияны өтеу әдісі:**

Негізгі берешек соммасы мен сыйақыны төлеу облигация иесінің реестріндегі мәліметтерге сәйкес облигация иесінің ағымдағы шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.

**5) Облигация бойынша қамтамасыз ету:**

Облигация қамтамасыз етілмеген болып табылады.

**6) Облигация иесі өкілінің мәліметтері (атауы, орны, телефон нөмері, облигация иесі өкілінің қызмет көрсету туралы келісім шарт нөмері мен күні көрсетіледі):**

Облигация иесі өкілінің міндеттерін «БТА Секьюритис» Акционерлік қоғамы атқарады (Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Хусаинов көшесі 281, тел/факс: + 7 (727) 393-73-93, 393-73-01, факс: + 7 (727) 393-73-94), акционерлік қоғам төмендегідей лицензияларға ие: құнды қағаздар нарығында Клиенттердің есепшоттарын атаулы иесі ретінде жүргізуге брокерлік және дилерлік әрекет ету 2008 жылдың 24-шілдесіндегі № 04012019883 лицензиясы. құнды қағаздар нарығында инвестициялық қоржынды басқару жұмыстарын жүргізуге арналған 2008 жылдың 24-шілдесіндегі №0403200991 лицензия – ҚР Қаржы нарығын және қаржылық ұйымдаырды реттеу және қадағалау Агенттігі (қазіргі уақытта ҚР ҰБ ҚБК), сонымен қатар биржалық брокер және биржалық дилер қызметін көрсетуге арналған 2012 жылдың 3-ақпанындағы №0182700 лицензия – МЭРТ ҚР, Облигация иесінің өкілі өздерінің міндеттерін 2012 жылдың 23-сәуіріндегі №KSS/NO/CS/GA-5/ОО-09-11/2012/01461 келісім шарты және де салымшы өкілінің қызмет көрсету туралы №1 2012 жылдың 15-мамырдан қосымша келісімі негізінде атқарады.

**7) Тіркеуші туралы мәлімет (атауы, орны, телефон нөмері, құнды қағаздар иесін тіркеу жүйесін енгізу бойынша келісім шарт нөмері мен күні көрсетіледі):**

Құрастыру, енгізу облигация иелерінің реестрін сақтау тіркеуші тарапынан жүзеге асырылады «Қор орталығы» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы 050091, Алматы қаласы Желтоқсан көшесі 79 А тел.: + 7 (727) 250-65-18, 250-89-60, 250-89-61, факс: + 7 (727) 250-16-96 мекен жай бойынша орналасқан. Қазақстан Республикасы қаржылық нарықты бақылау және реттеу бойынша, құнды қағаздар иесін тіркеу жүйесін енгізуге қатысты 2005 жылдың 15 маусымында берілген №0406200386 мемлекеттік лицензиясы бар. Тіркеуші Эмитентпен жасалынған 2001 жылдың 01 қарашасындағы №48 реестрді енгізу бойынша қызмет көрсету Келісім шарт- тапсырысы негізінде жүзеге асырады.

**8) Облигацияны орнатастыруға қатысатын ұйымдар туралы мағлұмат.**

**(атауы, облигацияны орналастыруға қатысатын ұйымның орналасуы, сәйкес келісім шарттың күні мен нөмері ):**

Қаржылық кеңесші: «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Еншілес кәсіпорны «Nalyk Finance» (Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 19/1, «Нурлы Тау» БО, 3Б, 6 қабат; тел: + 7 (727) 244-65-40, факс: + 7 (727) 259-05-93), «Қазақстан қаржыгерлерінің Ассоциациясы» және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ ЖТО мүшесі болып табылады Қазақстан Республикасы қаржылық нарықты бақылау және реттеу бойынша Агенттіктің 2008 ж 26 желтоқсанында № 4.2.92/28 құнды қағаздарды жүзеге асыру бойынша мемлекеттік лицензия негізінде жүзеге асырылады. Тіркеуші Эмитентпен жасалынған қаржы қызметін көрсету бойынша қызмет көрсету 2012 жылдың 23-сәуіріндегі № KSS/NO/CS/GA-5/OO-09-11/2012/01463 андеррайтердің қызмет көрсетуі туралы келісім шарты негізінде жүзеге асырады.

**9) Төлем агенті жөніндегі мәліметтер (оның атауы, орналасқан орны, телефондар нөмірлері, сәйкес келісім-шарттың күні және нөмірі көрсетіледі):**

Сыйақының төлемдері мен облигацияларды өтеу Эмитентпен төлем агентінің қызмет көрсетулерін қолданусыз өздігінен іске асырылады.

**10) Облигациялардың иелеріне берілетін құқықтар:**

- берілген аңдатпамен қарастырылған тәртіптерде және мерзімдерде облигацияның номиналды құнын алу құқығы;
- берілген аңдатпамен қарастырылған тәртіптерде және мерзімдерде тиянақталған сыйақыны алу құқығы;
- Эмитенттің ішкі корпоративтік ережелерімен және «Қазақстандық қор биржасы» АҚ талаптарымен қарастырылған тәртіпте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің қызметі мен оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіпте және жағдайларда облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыру;
- еркін иессіздендіру және облигациялармен басқа түрде иелік ету құқығы;
- сыйақыны төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл түрінде және облигациялар бойынша басты борышты айып төлеу талабының құқығы.
- Бұл ретте сыйақыны төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін орындамаған әрбір күн үшін өсімпұл түрінде және облигациялар бойынша басты борышты айып төлеу талабының құқығы міндеттемелердің немесе оның сәйкес бөлігінің орындалу күнінде (яғни, төлем іске асырылатын мерзімнің соңғы күнінен кейінгі келесі

күнге) әрекет ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің қайта қаржыландыру ресми мөлшерлемесінен есептеледі;

- Облигациялардың барлығын немесе бөлігін берілген аңдатпаның 3 және 3-2 тармақтарының 11-1 тармақшасында көрсетілген жағдайларда сатып алуын жариялау құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған тәртіптерде және жағдайларда облигациялардың меншік құқығына қатысты басқа да құқықтар.

Облигация иелерінің облигациялардың қысқа мерзімде өтелуін талап ету құқығы ҚР заңнамасымен қарастырылған шарттардан басқа жағдайларда қарастырылмаған.

### **11-1) бастамасы бойынша Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиғалар:**

**Облигациялар бойынша дефолт** – пайыздық сыйақыны, номиналды құнды және соңғы купондық сыйақыны, берілген аңдатпадағы купонды сыйақыны және облигациялардың номиналды құнын төлеу мерзімдерінен басқа мерзімдерде белгіленген күннен кейінгі күннен бастап 10 (он) жұмыс күндері ішінде төлемеу немесе толық емес төлеу.

Дефолтқа берілген аңдатпада белгіленген кез келген шектеулердің (ковенант) Эмитентпен бұзылуы теңеледі.

Егер міндеттерінің орындалмауы бой бермейтін күш жағдайларының салдары болып табылса, Эмитент Бағдарлама шектерінде облигациялардың алғашқы шығарылу аңдатпасы бойынша өз міндеттемелерін жарым-жартылай немесе толық орындамау жауапкершілігінен босатылады. Бой бермейтін күш жағдайлары ретінде басталуын алдын ала көру немесе болдырмау мүмкін болмаған жағдайлар түсіндіріледі (апатты құбылыстар, әскери әрекеттер, тыйым салу немесе шектеуші сипаттағы өкілетті органдардың актілері және т.б.). Бой бермейтін күш жағдайларының пайда болуы кезінде Бағдарлама шектерінде облигациялардың алғашқы шығарылу Аңдатпасы бойынша Эмитентпен өз міндеттерінің орындалу мерзімі осындай жағдайлар және олардың салдарлары әрекет ететін уақыт мерзіміне сай шегеріледі.

Облигациялар бойынша дефолттың басталуы жағдайында Эмитент облигация иелерінің пайдасына қарай ақшалай міндеттеменің немесе оның сәйкес бөлігінің орындалу күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің қайта қаржыландырудың ресми мөлшерлемесіне қатысты есептелетін мерзімді өткізіп алудың әрбір күніне өсімпұлды есептеу және төлеу.

Дефолт оқиғасының пайда болған күнінен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Эмитент облигация иелерін осы жайт жөнінде облигация иелерінің өкілдерін хабарландыру арқылы, сонымен қатар Эмитенттің <http://www.kazstroysevice.com> ресми сайтында, «Қазақстандық қор биржасы» АҚның <http://www.kase.kz> ресми сайтында, сонымен қатар «Егемен Қазақстан» және/немесе «Қазақстандық ақиқат» газеттерінде хабарламалар орналастыру арқылы ақпараттандырады, соның ішінде:

- дефолт жайты туралы ақпарат;
- Эмитенттің дефолт күніне қатысты орындалмаған міндеттерінің көлемі;
- міндеттемелердің орындалмау себептері;

- талаппен Эмитентпен байланысу тәртібін және мерзімдерін қоса алғанда өз талаптарын қанағаттандыру бойынша облигация иелерінің мүмкін әрекеттерін атап өту;
- Эмитент шешімі бойынша басқа да ақпарат.

Көрсетілген ақпаратты ашу басқа заңды тұлғаға тапсыру қарастырылмаған.

Дефолт жайтының басталу кезінде Эмитент сәйкес органмен облигация иелерінің құқықтарын қамтамасыз ету мақсатымен дефолт жайтына жетелеген себептерді болдырмау бойынша шаралар Жоспарын жетілдіреді және бекітеді.

Эмитент бір немесе барлық дефолт жайттарының басталған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде дефолт жайтына жетелеген (бой бермейтін күш жағдайларының салдары болып табылатын жағдайлардан басқа жағдайларды) себептерді болдырмау үшін барлық мүмкін шараларды қабылдауға міндетті. Көрсетілген мерзімде осындай салдарларды жою жағдайында Эмитент облигацияларының иелерінде облигациялардың Эмитентпен сатып алынуын талап ету құқығы бар, аталған жайт Эмитентке қарызды өтеу бойынша міндеттерді орындалғанға дейінгі барлық мерзімде облигациялардың айналымы жөнінде жазбаша талапты бағыттау арқылы іске асырылады.

Эмитент облигация иелерінің талаптары бойынша жинақталға сыйақыны ескерумен облигацияның номиналды құнына сәйкес баға бойынша облигацияларды сатып алуға міндетті.

Эмитенттің міндеттері бойынша ынтымақты немесе субсидиарлы жауапкершілік артылатын тұлғалар Эмитентпен облигациялары бойынша міндеттерінің орындалмауы немесе тиісті орындалмауы жағдайында орын алмайды.

**11) Эмитенттің облигациялардың шығарылуын жедел мерзімде өтеу құқығы:**  
Эмитенттің облигацияларды жедел мерзімде өтеу құқығы қарастырылмаған.

**Облигацияларды Эмитенттің бастамасымен сатып алу:**

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес Эмитент өзінің облигацияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда олардың айналымы кезеңінде сатып алуға құқылы.

Облигацияларды сатып алу құны Эмитент тарапынан төмендегі жағдайларда белгіленеді:

- бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында мәміле жасасқан кезде, «Қазақстандық қор биржасы» АҚ мәміле күніндегі құны бойынша бекітілген нарық бағасына сүйене отырып;
- бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында мәміле жасасқан кезде – мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Облигацияларды сатып алу өтеу болып саналмайды және Эмитент тарапынан қайтадан орналастырылуы мүмкін.

Облигацияларды сатып алу салымшылардың құқығын бұзуға себепкер болмауы тиіс.

Орналастырылған облигациялардың (сатып алынғандарын қоспағанда) саны туралы мәліметті Эмитент - «Қазақстандық қор биржасы» АҚ Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы келісім шартқа сәйкес жария етеді.

**12-1) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі "Бағалы қағаздар нарығы туралы" № 461-ІІ Заңының 18-4-ші бабына сәйкес, орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды Эмитент:**

1. Эмитенттің органы облигациялардың делистингі туралы шешім қабылдаған;
2. Қор биржасына тізбесі уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісімен және қор биржасының ішкі құжаттарымен айқындалған ақпарат беру тұрғысынан арнайы (листингілік) талаптардың орындалмауына байланысты қор биржасы Эмитенттің облигацияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;
3. Эмитент облигациялардың иелерінің бұрынғы өкілімен келісімшартты үзгеннен әрекеті доғарылған күннен бастап отыз күннен асатын мерзімде облигациялардың иелерінің өкілімен келісімшарт жасаспаған жағдайларда жүргізуге тиіс.

Аталған жағдайлар орын алған кезде, Эмитент жинақталған сыйақыны ескере отырып, облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша, не болмаса қандай шаманың ең жоғары болып табылатынына қарай облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша орналастырылған облигациялардың өтеуін төлеп алуды жүзеге асыруға міндетті.

Осы тармақта аталған оқиғалардың бірі орын алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде Эмитент облигациялардың иелерінің өкілін хабарландыру, сондай-ақ Эмитенттің <http://www.kazstroyservice.com> ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның <http://www.kase.kz> ресми сайтында, сондай-ақ «Егемен Қазақстан» және/немесе «Казахстанская правда» газетінде хабарлама жариялау арқылы ондай жайт туралы облигациялардың иелеріне, соның ішінде:

- Эмитенттің облигацияларының өтеуін төлеп алуға апаратын аталған оқиғалардың қайсысының орын алғаны туралы ақпаратты;
- облигациялардың иелерінің өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал әрекеттерінің тізімін, соның ішінде Эмитентке талаппен жүгіну тәртібі мен мерзімдерін;
- Эмитенттің шешімі бойынша басқа ақпаратты хабарлайды.

**12-2) Эмитенттің облигациялардың иелеріне ақпараттың мазмұнын, ондай ақпаратты жария қылу тәртібін, мерзімдері мен жария қылу тәсілін көрсетіп, өзінің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат беруінің, сондай-ақ облигациялар шығарылымының проспектісімен көзделген шектемелерді бұзу (ковенант) туралы ақпарат беруінің тәртібі:**

Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайы туралы ақпарат, сонымен қоса Эмитенттің қаржылық есебі негізінде МСФО сәйкес жасалған аудиторлық есептер Эмитенттің <http://www.kazstroyservice.com> ресми сайтында, «Қазақстан қор биржасы» АҚ <http://www.kase.kz> ресми сайтында Эмитент пен «Қазақстандық қор биржасы» АҚ арасында жасалған мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздардың листингі туралы келісім шартта көрсетілген мерзімдер мен тәртіпке сәйкес және Қаржылық есеп-қисап депозитарийінің [www.dfo.kz](http://www.dfo.kz) сайтында Қазақстан Республикасының



заңнамасында көрсетілген кезеңдер мен тәртіпке сәйкес орналастырылады және жүйелі негізде жаңғыртылып отырады.

Осы Аңдатпамен көзделген шектемелердің бұзылғаны (ковенант) туралы ақпаратты Эмитент осы Аңдатпаның 11-1-шы тармақта көрсетілген тәртіпте жүзеге асырады

**12) Облигацияларлары орналастырудан түскенің ақшаны пайдалану туралы мәліметтер:**

Облигацияларды шығарудан және орналастырудан алынған ақша қаражаттары Эмитенттің жалпы корпоративтік мақсаттарына, соның ішінде:

- Эмитенттің 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеден аспайтын ағымдағы берешегін қайта қаржыландыруға;
- 3 000 000 000 (үш миллиард) теңгеден кем болмаған, бірақ 12 000 000 000 (он екі миллиард) теңгеден аспайтын мөлшерде айналымдық капиталды қаржыландыруға бағытталатын болады;
- инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру.

Олардың кезінде облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны жоспардағы бөлуде өзгерістер болуы ықтимал оқиғалар орын алған кезде, Эмитент Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген тәртіпте Облигациялар шығарылымының перспектісіне тиісті өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізеді.

**3-1. Сыйақы төленетін әрбір кезеңнің қимасында облигациялар өтелетін сәтке дейін сыйақылар төлеу және негізгі борыштың сомасын өтеу үшін қажетті ақша қаражаттарының көздері мен ағындарын болжау.**

Төменде Эмитент дайындаған, негізгі жорамалдар көрсетілген ақша ағындарының болжамы берілген.

**АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛАСЫ ТУРАЛЫ БОЛЖАМАЛЫ ЕСЕБІ**

мың. Теңге

	2012 ж.		2013 ж.		2014 ж.		2015 ж.	
	1П2012	2П2012	1П2013	2П2013	1П2014	2П2014	1П2015	2П2015
<b>Операциялық әрекет бойынша ақшалай қаражаттың айналымы:</b>								
Табыс салығын есептегеннен кейінгі кіріс	9 826 799	9 826 799	10 990 632	10 990 632	13 080 441	13 080 441	16 009 095	16 009 095
Түзетпе:								
Тозу және амортизация	2 894 110	2 894 110	3 307 588	3 307 588	3 659 828	3 659 828	4 012 068	4 012 068
Пайыздық шығындар	2 816 464	2 816 464	3 675 509	3 675 509	4 057 770	4 057 770	3 912 017	3 912 017
Айналымдағы капиталды өсіру шығындары	(5 843 977)	(5 843 977)	(5 452 239)	(5 452 239)	(7 095 248)	(7 095 248)	(8 371 701)	(8 371 701)
<b>Операциялық әрекеттен алынған ақшалай қаражат, таза</b>	<b>9 693 396</b>	<b>9 693 396</b>	<b>12 521 490</b>	<b>12 521 490</b>	<b>13 702 790</b>	<b>13 702 790</b>	<b>15 561 478</b>	<b>15 561 478</b>
<b>Инвестициялық әрекеттен алынған ақша ағымы:</b>								
Негізгі құрал-жабдықтарды сатып алу	(3 404 000)	(3 404 000)	(3 404 000)	(3 404 000)	(3 404 000)	(3 404 000)	(3 404 000)	(3 404 000)
<b>Инвестициялық әрекетте қолданылған ақшалай қаражат, таза</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>	<b>(3 404 000)</b>
<b>Қаржылық әрекеттен түскен ақша ағымы:</b>								
Айналымдағы капиталды ұлғайтуды қаржыландыру мақсатындағы қарыздар	(12 187 098)	(13 387 098)	(7 153 877)	(7 153 877)	(7 160 034)	(7 160 034)	(21 835 217)	(6 235 217)
Капиталды шығындарды қаржыландыруға мақсатындағы қарыздар		(600 000)	(600 000)	(600 000)	(600 000)	(600 000)	(15 600 000)	
Тартылған қаражаттар мен пайыздық қарыздарды өтеу	22 183 984	7 183 984	6 761 767	6 761 767	7 689 873	7 689 873	8 583 391	8 583 391
Түсім/Облигацияларды өтеу	15 000 000							
Дивиденттерді төлеу	(3 700 000)							
<b>Инвестициялық әрекетке қолданылған ақшалай қаражат, таза</b>	<b>6 296 886</b>	<b>(6 203 114)</b>	<b>(392 110)</b>	<b>(392 110)</b>	<b>529 839</b>	<b>529 839</b>	<b>(13 251 826)</b>	<b>2 348 174</b>
<b>Ақшалай қаражаттағы және оның баламасындағы таза өзгеріс</b>	<b>12 586 281</b>	<b>86 281</b>	<b>8 725 380</b>	<b>8 725 380</b>	<b>10 828 630</b>	<b>10 828 630</b>	<b>(1 094 348)</b>	<b>14 505 652</b>

<b>Кезең басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары</b>	<b>1 968 938</b>	<b>14 555 219</b>	<b>14 641 500</b>	<b>23 366 880</b>	<b>32 092 260</b>	<b>42 920 890</b>	<b>53 749 520</b>	<b>52 655 172</b>
<b>Кезең соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары</b>	<b>14 555 219</b>	<b>14 641 500</b>	<b>23 366 880</b>	<b>32 092 260</b>	<b>42 920 890</b>	<b>53 749 520</b>	<b>52 655 172</b>	<b>67 160 824</b>

Андатпаның осы тармағында келтірілген, ақшалай қаржының ағымын Эмитент болжамы, дұрыс немесе нақты емес болатын, немесе жүзеге асыруға келмеуі мүмкін, және түрлі ықпалдарға байланысты өзгеріске ұшырайтын, сонымен қоса, мемлекеттік реттеу өзгерісі, салықтық талаптардың өзгерісі, (оған қоса, салықтық мөлшерлеме өзгерісі, жаңа салық заңы мен салықтық заңнаманы талқылауды қайта қарастыруды), пайыздық мөлшерлеме өзгерісін, айырбас бағамы және басқа нарықтық жағдайлар, сонымен қатар, экономикалық және саяси жағдайлардың өзгерісі, және келешектің басқа да белгісіздіктері мәліметтердің немесе әдістердің, болжамына байланысты. Эмитент осы Андатпа шығаруда ашылатын, жаңа ақпараттардың, келешек уақиғалардың және басқа негіздердің салдарынан пайда болған, қандай да бір болжамалы мәліметтерді жаңартуға немесе қайта қарауға не міндетті не ниетті емес. Эмитентке немесе басқа тұлғаларға қоса жазылатын, барлық келесі келешек туралы жазбаша немесе ауызша мәлімдемелер және/немесе болжамдар, осы Андатпа эмиссиясының барлық мәтінін мазмұндайтын, Эмитенттің атынан әрекет ететін, өзінің тұтастығында сақтандырушы мәліметтермен шектеледі.

Осы тәуекелдің, белгісіздіктің немесе болжамның салдарынан, облигацияны нақты сатып алушылар келешек туралы арыздың мәліметтеріне орынсыз жүгінбеуі тиіс.

### **3-2. Эмитентпен (егер де, бұл облигацияларды шығару туралы ақша шығаратын органның шешімімен қарастырылса) қабылданатын шектеулер (ковенанттар)**

- Эмитенттің активтерінің құрамына кіретін, Эмитенттің жатсыну күнінен, активтердің жалпы құнының жиырма бес пайызынан асатын мүлікті жатсынбау;
- Эмитенттің облигацияларына байланысы жоқ міндеттемелерді орындамау фактілерін болдырмау, облигацияларды шығарудың мемлекеттік тіркеу күніне, сол Эмитенттің активтерінің жалпы құнының кем дегенде жиырма бес пайызына;
- Эмитенттің қызметінің негізгі түрлерін қарастыратын, Эмитенттің құрылтай құжаттарына өзгерістер енгізбеу;
- Эмитенттің ұйымдық-құқықтық формасын өзгертпеу;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Эмитенттің арасында бекітілген, эмиссиялық мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингі туралы келісім-шартымен анықталған, аралық қаржы және жылдық есептілігін ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Эмитенттің арасында бекітілген, эмиссиялық мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингі туралы келісім-шартымен анықталған, қаржылық жылдық есептілігі бойынша аудиторлық есептілікті ұсыну мерзімдерінің бұзылуына жол бермеу;
- Дивиденттердің ақшалай немесе басқа да формада төленуін жүзеге асырмау, және де Эмитент акционерлерінің табысынан Эмитентпен алынған кез-келген үлестірулерді жүзеге асыру (акционерлерден акцияларды иелену немесе сатып алу жолдары арқылы немесе басқа да тәсілмен):
  - 1) осы Бағыттамааның 3 тармағының 11-1 тармақшасының жағдайларына сәйкес, дефолт жариялануы мүмкін кез-келген жағдайдың туындауынан;
  - 2) осы Бағыттамааның 3 тармағының 11-1 тармақшасының жағдайларына сәйкес, дефолт жариялануы мүмкін кез-келген жағдайдың болмауынан, егер де, Эмитентпен дивиденттерді төлеу нәтижесінде Эмитенттің жеке капиталының көлемі 30 000 000 000 (отыз миллиард) теңгеден аз болса;  
Бұл жағдайда, Эмитенттің жеке капиталы, Эмитентпен дивиденттер төленетін кезеңге қатысты, Халықаралық Қаржы Есептілігінің Стандарттарына сәйкес әзірленген («ХҚЕС») Қоғамның аудиттелген қаржы есептілігінің мәліметтеріне сәйкес анықталады.
- Эмитенттің Таза қарыз/ EBITDA қатынасы, ХҚЕС сәйкес әзірленген, аудиттелген қаржы есептілігінің мәліметтеріне сәйкес аяқталған нәтижелер бойынша 3,00 мағынасынан аспауы тиіс.

Сонымен бірге:

«EBITDA» білдіреді: сыйақыландыруды, салықтарды, тозуды және амортизацияны есептегенге дейінгі табыс.

«Таза қарыз» келесі тәсілмен анықталады:

- 1) Ұзақмерзімді және қысқа мерзімділердің сомасы есептелінеді: пайыздық қарыздардың және тартылған қаражаттардың; төлемге жататын облигациялар; қаржылық жалға беру бойынша міндеттемелер;
- 2) Жоғарыда аталған тармаққа сәйкес есептелген сомадан тиімді ақша қаражаттары және олардың эквиваленттері есептелінеді.

- Эмитенттің негізгі құрал-жабдықтарының қарыздар мен басқа да қаржылық берешектерді қамтамасыз ету мақсатындағы ауыртпалығына жол бермеу қажет, олардың нәтижесінде Эмитенттің ауыртпалықтан азат негізгі құрал-жабдықтар (өтемпұлды шегергенге дейін) бағасының орналастырылған (сатып алынғандарын қоспағанда) барлық облигациялардың атаулы бағасына арақатынасы Эмитент облигацияларының бүкіл айналым кезеңінде 1,25 дәрежеден төмен болады. Осы орайда Эмитенттің негізгі құрал-жабдықтар (өтемпұлды шегергенге дейін) тізіміне құрылысы аяқталмаған нысандар және тек қана құрылысы аяқталмаған нысандар тұрған жер телімдері кіргізілмейді. Эмитенттің ауыртпалықтан азат негізгі құрал-жабдықтар туралы ақпарат тәуелсіз аудитормен бекітілген Эмитенттің жылдық шоғырландырылма қаржылық есеп-қисабына жасалған ескертпеде жария етілуі қажет. Осы қағдалар мақсатында негізгі құрал-жабдықтардың ауыртпалығы деп Эмитенттің негізгі құрал-жабдығына Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес немесе Эмитенттің үшінші тараптармен жасасқан және Эмитенттің иемденуге, қолдануға және (немесе) иелік ету құқықтылығын шектеумен сипатталатын келісімі негізінде жасалған кез келген құқықтық шектеуді айтамыз, жоғарыда көрсетілген негізгі құрал-жабдықтарды сенімгерлік басқаруға (негізгі құрал-жабдықтарды басыбайлы беру сенімгерлік басқару құқығынсыз) және жалға тапсыруды қоспағанда.

Эмитент органының шешімімен келесі шектеулер (ковенанттар) қарастырылмаған:

1. Левередж көлемін облигацияларды шығаруды тіркеу кезінде белгіленген дәрежеде ұстау;
2. Өтімділік коэффициентін ұстау (ағымдағы активтер көлемінің қоғамның ағымдағы міндеттемелеріне қатынасы 1-ден аз емес);
3. Эмитент тарапынан қабылданатын басқа да шектеулер (ковенанттар).

Эмитенттің жоғарыда көрсетілген шектеулерге (ковенанттарға) сәйкестігін тексеру қаржылық жыл барысында «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Эмитенттің арасында бекітілген, эмиссиялық мемлекеттік емес бағалы қағаздардың листингі туралы келісім-шартына сәйкес Эмитент - «Қазақстан қор биржасы» АҚ тарапынан жария етілетін аудиторлық шоғырландырылма қаржы есеп-қисабы негізінде бір рет іске асырылады.

#### **Шектеу бұзылған кезде (ковенант) эмитент пен облигацияларды иелерінің іс-әрекеттерінің тәртібі**

Осы Дефолт аңдатпасының 3 тармағының 11-1 тармақшасына сәйкес Эмитент бұзған осы Аңдатпасымен белгіленген кез келген шектеулер (ковенант) теңестірілетіндіктен, жоғарыда аталған кез келген шектеулер (ковенант) бұзылған жағдайда, эмитент пен облигацияларды иелерінің іс-әрекеттерінің тәртібі осы Аңдатпаның 3 тармағының 11-1 тармақшасымен реттеледі.

#### **4. Белгілі бір төлемді таңдау құқығы туралы ақпарат:**

Белгілі бір төлемді таңдау құқығы қарастырылмаған.

#### **5. Еркін айырбасталатын облигациялар:**

Облигациялар еркін айырбасталуға жатпайды.

#### **6. Облигацияларды орналастыру әдісі:**

##### **1) облигацияларды орналастырудың мерзімі мен тәртібі:**

Облигацияларды орналастыруды бастау күні облигациялардың өтініштерінің басталу күні болып табылады. Облигация өтініштің барлық мерзімінің ішінде орналастырылады.

Облигациялар құнды қағаздардың ұйымдастырылған нарығында орналастырылады. Ұйымдастырылған нарықта облигацияларды орналастыру «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Облигациялар ұйымдастырылмаған нарықта орналастырылмайды.

**2) жазылу арқылы акцияда еркін айырбасталатын облигацияларды орналастыру кезінде еркін айырбасталу шарттары көрсетіледі:**

Облигациялар еркін айырбасталуға жатпайды.

**3) облигацияларды төлеу шарты мен тәртібі:**

Облигациялар қолма-қол ақшасыз төленеді. «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның сауда алаңында мамандандырылған саудасын жүргізу арқылы облигацияларды орналастыру кезінде төлем «Қазақстанның қор биржасы» АҚ-ның ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**Бас директордың м.а.**



A blue ink handwritten signature.

**Ұ.А. Нұрымова**

**Бас бухгалтер**

A blue ink handwritten signature.

**Н.Г. Сафина**

**Ішкі аудит қызметінің басшысы**

A blue ink handwritten signature.

**М. Құрманбаева**